

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ
АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР, ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ
ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМУ
КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 17 ақпан

Отырысты Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы Ә.Ә. БЕКТАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Комитеттің кеңейтілген отырысын бастаймыз. Қатысып отырған азаматтар, комитет мүшелері түгел, оны өздеріңіз жақсы білесіздер.

Күн тәртібінде бір мәселе «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы жануарларымен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді біріздендіруге бағытталған шаралар туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Қарсылық бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда бұл заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз комитет мүшесі Мұхтар Сабырұлы Жұмағазиевке беріледі.

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. Рақмет.

Құрметті Әли Әбдікәрімұлы, құрметті әріптестер! Аталған келісім Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде асыл тұқымды малдарды және селекциялық жетістіктер туралы мәліметтермен алмасу, инновациялық технологияларды енгізу, оның ішінде молекулалық, генетикалық сараптама жүргізу сияқты жұмыстарды іске асыру тәртібін реттейді.

Келісімді ратификациялау Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде селекциялық жұмыстың және асыл тұқымды өнім саудасының дамуына ықпал етеді. Теріс экономикалық, әлеуметтік салдарға әкеп соқпайды, мемлекеттік бюджеттен қосымша шығындарды талап етпейді.

Заң жобасы жұмыс тобының және комитеттің отырыстарында жан-жақты қаралды, Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертпелер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып заң жобасын Сенат отырысына шығаруды ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда заң жобасын қолдау туралы ұсыныс түсіп отыр. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасына басқа ұсыныстар мен ескертпелер түскен жоқ. Сондықтан заң жобасын Сенат отырысында қабылдау деген ұсыныспен комитет қорытындысын бекітуді және оны Сенаттың отырысына енгізуді ұсынамын.

Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Қарсы, қалыс жоқ. Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер, Сенат отырысында бұл мәселе бойынша баяндаманы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Кесікбайұлы Омаров жасайды, ал қосымша баяндаманы комитет мүшесі Мұхтар Сабырұлы Жұмағазиев жасайды. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда барлықтарыңызға рақмет. Комитеттің кеңейтілген отырысын жабық деп жариялаймын.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану
және ауылдық аймақтарды дамыту
комитетінің төрағасы

Ә. Бектаев

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының инженерлік
орталығы» РМК директоры.

А. Құсайынов

ОРЫНДАҒАН:

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы

И. Шыныбаева